

ҚҰРЫЛТАЙ

23 тамыз

августа

ЖАҢАРУ ҮШІН

ДАУЫС БЕР!

ГОЛОСУЙ

ЗА ОБНОВЛЕНИЕ!

www.election.gov.kz

ОҚУШЫ НӘПАҚАСЫ

6-БЕТ | САРАПТАМА

«ЖОШЫ ХАН» –
ТАРИХИ ҚОЙЫЛЫМ

7-БЕТ | РУХАНИЯТ



АБАЙ МҰРАСЫ – ҰЛТТЫҢ РУХЫ

Елімізде Абай Құнанбайұлының күні кеңінен аталып өтті. Елорда төрінде де ұлы ақынның бай мұрасын насихаттауға және оның шығармашылығына қызығушылықты арттыруға арналған көптеген рухани-танымдық іс-шара ұйымдастырылды.

ХАЛЫҚ
СЕНІМІ
ЖОҒАРЫ

Демократия институты 2026 жылғы 20 шілде мен 6 тамыз аралығында жүргізілген әлеуметтанулық зерттеу нәтижесін ұсынды. Оған сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентіне сенім жоғары деңгейде сақтала отырып, 85,7 пайызды құрады.

Әлеуметтанулық сауалнама 2026 жылғы 20 шілде мен 6 тамыз аралығында Демократия институтының қаржыландыруы негізінде жүргізілді. Іріктеме көлемі 8000 респондентті құрайды. Сауалнамаға 17 облыс пен 3 республикалық маңызы бар қала – Астана, Алматы және Шымкент қалаларының 18 жастан асқан респонденттері қатысты. Зерттеу нәтижесінде 18-29 аралығындағы жастардың Президентке жоғары деңгейде сенім білдіретіні анықталды. Мемлекеттің даму бағытына да халықтың басым бөлігі қолдау білдіріп отыр. Атап айтқанда, 81,5% қазақстандық мемлекет дұрыс бағытта дамып отыр деп санайды.

КІТАП ОҚЫҒАН ЖҮЛДЕ АЛАДЫ

Астана қаласы қыркүйек айында басталатын «Кітап оқитын ұлт» марафонына ресми түрде қосылды. Қатысушылар алты ай ішінде 15 кітап оқып, кейін тестілеу мен бірқатар зияткерлік куизден өтеді.

Сынақ қорытындысы бойынша қатысушылардың әр санатындағы үздік командалар анықталады. Бірінші орынға – 600 мың теңге, екінші орынға – 450 мың теңге, үшінші орынға 300 мың теңге ақшалай сыйлық қарастырылған. «Кітап оқитын ұлт» марафонына мектеп оқушыларынан бастап барлық ниет білдірушілер қатыса алады. Ал тіркеу биыл қыркүйек айында жобаның www.reading-nation.kz ресми сайтында басталады. Жоба – Қазақстан Республикасы Президентінің оқу мәдениетін дамыту туралы Жарлықты іске асыру мақсатында Астана қаласы мен «Кітап оқитын ұлт – Читающая нация» қоғамдық қоры арасында қол қойылған меморандум аясындағы іс-шаралардың бастамасы. Жалпы жоба аясында биыл күзде елордада әдеби кездесулер, жалпыхалықтық кітап оқулар, кітап жобалары, ағартушылық акциялар және басқа да іс-шаралар сериясы басталады.

ДАРЫНДЫ ЖАСТАРДЫ ҚОЛДАЙДЫ

Халықаралық жастар күніне орай 12 тамызда елордада ауқымды Jastar day open air фестивалі өтеді.

Ол талантты жастарды қолдауға, шығармашылық әлеуетін дамытуға, белсенді өмір салтын, мәдениетті, азаматтық құндылықтар мен жастар бастамаларын насихаттауға бағытталған.

Фестивальдің білім беру бағдарламасы аясында лекторлар «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан», жасанды интеллект, заманауи технологиялар, тұлғалық және кәсіби әлеуетті дамыту, азамат-

COMIC CON ASTANA
РЕКОРД ОРНАТТЫ

Орталық Азиядағы ең ірі поп-мәдениет фестивалі – Comic Con Astana 2026 елордада төрт күн бойы өтті. Биылғы фестивальге рекордты көрсеткішпен 80 мыңға жуық қонақ жиналды.

Бесінші рет ұйымдастырылған фестиваль – жоба тарихындағы ең ауқымды іс-шара. Елордадағы екі ірі алаң – Bagus Arena мен «Алау» мұз сарайында жүздеген іс-шара қатар өтті. Оған әлемнің 40-тан астам елінен 12 мыңнан астам шетелдік қонақ қатысты. Олардың арасында Ресей, Қытай, АҚШ, Канада, Бразилия, Мексика, Индонезия, Италия, Германия, Жапония, Оңтүстік Корея, Түркия, Кипр, Таиланд, Беларусь, Өзбекстан, Қырғызстан, Әзербайжан, Грузия, Армения, Молдова және басқа да мемлекеттердің өкілдері бар.



АҚОРДА

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ АБАЙ КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

ҚҰРМЕТТІ ОТАНДАСТАР!

Баршаңызды Абай күнімен шын жүректен құттықтаймын! Ұлы ойшылдың шығармашылық әрі зияткерлік мұрасы әлемдік және ұлттық мәдениеттің асыл қазынасы қатарынан айрықша орын алады. Абай ілімі – рухани шамшырағымыз, айнымас темірқазығымыз. Ақын жұртшылықты толғандыратын көкейкесті мәселелерді бүкпесіз айтып, халқымызды бейқамдық пен жалқаулықтан аулақ болуға шақырды. Хакімнің «Толық адам» идеясы – әрбір азаматты рухани кемелденуге үндейтін және ешқашан өзектілігін жоғалтпайтын мазмұны терең тұжырым.

Биыл Абай күні елімізде жүргізіліп жатқан ауқымды

өзгерістермен тұспа-тұс келіп отыр. Қазақстанның Халық Конституциясы заңды күшіне еніп, биліктің барлық институттарын түбегейлі жаңғырту үдерісі басталды. Бұл – шын мәнінде, ұзақ мерзімге арналған даму бағдарымызды айқындайтын ерекше кезең. Көп ұзамай ел тарихында алғаш рет Құрылтай сайлауы өтеді. Бір палаталы Парламент реформаларды сапалы әрі тиімді жүзеге асыруға тың серпін беретіні сөзсіз.

Бұл өзгерістердің түпкі мәні – жасампаздық құндылықтарын азаматтардың санасына сіңіріп, Қазақстанның тың қарқынмен дамуына жол ашу. Біз қоғамда жаңа этиканы қалыптастыру, ұлттық бірегейлікті нығайту және гуманистік идеалдарды дәріптеу барысында әрдайым Абайға жүгінеміз. Ұлы ақын

халықтың болашағы үшін білімпаздық, еңбекқорлық, жауапкершілік сынды қасиеттер өте маңызды екенін ұғындырды, көрегендік танытып, жұртты бірлік пен келісімді сақтауға шақырды. Абай қара сөздерінің тағылымы қазіргі Қазақстанның құндылықтарымен толық үндеседі. «Адал азамат», «Таза Қазақстан», «Заң мен тәртіп» тұғырнамалық идеялары – Абай армандаған берекелі қоғамның берік негізі. Сондықтан біз Әділетті, Озық әрі Қуатты Қазақстанды құрып жатырмыз.

Ұлы ойшылдың мол мұрасы алдағы уақытта да өскелең ұрпақты шынайы отаншылдық пен туған елге сүйіспеншілік рухында тәрбиелеу ісінде рухани азық болады деп сенемін. Баршаңызға амандық және табыс тілеймін! Абай күні құтты болсын!



ҮКІМЕТ



ӨҢІРЛЕРДЕ ЖАҢА НЫСАНДАР АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмаларын орындау аясында ел өңірлерінде экономиканы әртараптандыру, өңдеу өнеркәсібін дамыту және импортты алмастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде. Атап айтқанда, жаңа өндірістер, инфрақұрылымдық және әлеуметтік нысандар пайдалануға берілуде.

Атап айтқанда, Солтүстік Қазақстан облысында тауарлы сүт фермасы пайдалануға берілді. Бірінші кезеңде 800 басқа арналған қора, сүт блогы, 550 басқа арналған сауылмайтын және бұзаулы сиырларды ұстауға арналған қора-жай, екі бұзау қора және құрама жем зауыты салынды. Кешен аумағында Орталық Азиядағы ең ірі 100 басқа арналған сауу каруселі орнатылған. Осы уақытқа дейін Германиядан 585 бас асыл тұқымды мал әкелінді. Жыл соңына дейін тағы 660 бас әкелінеді. Жоба бойынша мұнда жалпы саны 12 мың басқа жетеді.

Абай облысында күнбағыс тұқымын өңдеу және өсімдік майын өндіру зауыты пайдалануға берілді. Жобаның құны 7 млрд теңгені құрайды. Кәсіпорын тәулігіне 300 тоннаға дейін май өндіруге, 500 тоннаға дейін тұқым тазартуға және құрама жем шығара алады. Мұнда 120-дан астам жұмыс орны құрылған, өнім ішкі нарық пен экспортқа бағдарланған.

Қызылорда облысының Жаңақорған ауданында құны

5,5 млрд теңге болатын құс фабрикасы ашылды. Кәсіпорынның қуаты – жылына 6 мың тоннаға жуық құс еті. 12 құс қора, сою және инкубация цехы бар нысанда 120 жұмыс орны құрылды. Өнім өңірге және көрші облыстарға жеткізіледі.

Қарағанды облысында кірпіш зауыты іске қосылды. Жобаға салынған инвестицияның жалпы көлемі 1,5 млрд теңгеден астам. Кәсіпорынның қуаты – жылына 45 миллион кірпіш. Жекеменшік саз кен орны бар нысан өндірістің толық цикліне ие. Одан шығатын өнімдер Қарағанды және Ақмола облыстарының қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Қызылорда облысының Жаңақорған кентінде су тарту стансасы мен жеткізу желісі пайдалануға берілді. Құны 1,1 млрд теңге болатын жоба мемлекетке қайтарылған активтер қаражаты есебінен жүзеге асты. Нәтижесінде 1500-ке жуық үй сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілді.

Талдықорған қаласында әлеуметтік осал санаттағы 41 отбасы «Береке» коттедж

қалашығынан, «Жастар-3» тұрғын алабынан, «Шығыс», «Құлагер» шағын аудандарынан және Қ.Жалайыри даңғылынан жаңа баспананың кілтін алды. Биыл облыс орталығында 1,4 мыңға жуық адам қоныс тойын тойлайды. Шымкентте кезекте тұрғандар есебіндегі 80 отбасы (көпбалалы және толық емес отбасылар, мүгедек азаматтар, жетім балалар) сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй бағдарламасы бойынша пәтер алды.

Түркістан облысы Сауран ауданы Шорнақ ауылында құны 1,7 млрд теңге болатын жаңа спорт кешені пайдалануға берілді. 1 га аумақты алып жатқан нысанда баскетбол, бокс, күрес және спорт залдары орналасқан. 40 жаңа жұмыс орны құрылды. Түркістан облысы Кентау қаласының Қарнақ тұрғын үй алабында 300 орындық Достық үйінің ғимараты ашылды. Оның жалпы ауданы – 2,8 мың шаршы метр. Нысан мәдени-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған заманауи жабдықтармен толық жабдықталған.



ОТАНДЫҚ ӨНДІРІС ҚАЛАЙ ДАМУДА?

Отандық тауар өндірушілерді қолдау – мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, Үкімет ішкі өндірісті дамытуға, жаңа өнеркәсіп кәсіпорындарын құруға, қазақстандық қамту үлесін арттыруға және ел ішінде орнықты өндіріс тізбектерін қалыптастыруға бағытталған іс-шаралар кешенін жүзеге асырды.



Бүгінгі таңда мемлекеттік қолдау жеңілдетілген қаржыландыру мен мемлекеттік сатып алудан бастап ірі кәсіпорындарды отандық жеткізушілермен жұмыс істеуге ынталандыруға, өнеркәсіп кооперациясын дамытуға және қазақстандық өндірушілердің экспорт әлеуетін кеңейтуге дейінгі бизнесті дамытудың барлық кезеңін қамтиды.

Кепілдендірілген сұраныс: мемлекеттік сатып алулар отандық бизнесті қолдау құралына айналады. Отандық өндірушілерді қолдаудың негізгі тетіктерінің бірі – мемлекеттік және квазимемлекеттік сатып алулар. Үкімет қабылдаған шаралар қазақстандық кәсіпорындарға басымдық беру, ұзақмерзімді және офтейк-келісімшарттарды кеңейту, сондай-ақ жеңілдікті қаржыландыруға қолжетімділікті көздейді. Бұл тұрақты сұраныс қалыптастырып, өндіріс қуатын жаңғыртуға және кеңейтуге жағдай жасайды.

Отандық кәсіпорындар өз өнімдерін кепілді өткізуді «Самұрық-Қазына» ұлттық әлауқат қоры арқылы алады. Тек 2025 жылдың өзінде қазақстандық тауар өндірушілерден сатып алу көлемі екі есеге артып, шамамен 2,2 трлн теңгені құрады. Қор инфрақұрылым мен энергетикада 62 басым жобаны жүзеге асырып, қазақстандық тауарлар

мен көрсетілетін қызметтерге тұрақты сұранысты қамтамасыз етуде. Қазіргі таңда қордың сатып алу жүйесінде отандық тауар өндірушілер мен шағын және орта бизнесті қолдаудың 16-дан астам тетігі қолданылады. Олардың қатарында: отандық өндірушілерден міндетті сатып алу, қамтамасыз етудің барлық түрінен босату, егер жеткізуші отандық тауар өндіруші болса, 30%-ға дейін алдын ала төлем жасау және жеткізілген өнім үшін төлем мерзімін қысқарту шаралары бар. Бұл отандық бизнеске айналым капиталын тиімді сақтауға және ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қабылданған шаралардың тиімділігі отандық өндірушілермен ынтымақтастық көлемінің тұрақты өсуімен расталады. 2024 жылы қор компаниялары Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің тізіліміне енгізілген 2070 кәсіпорынмен жалпы құны 1,1 трлн теңге болатын 11,1 мыңнан астам шарт жасасты. 2025 жылы жасалған келісімшарттардың көлемі екі есеге жуық артып, 2,17 трлн теңгеге жетті. Осы кезеңде 2283 отандық өндірушімен 8,9 мыңнан астам шарт жасалды.

Оң үрдіс биыл да сақталып отыр. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындысы бойынша жалпы құны 594 млрд

теңгені құрайтын 3,8 мыңнан астам шартқа қол қойылды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 46%-ға жоғары. Оның ішінде жалпы құны 343 млрд теңгені құрайтын 171 ұзақмерзімді келісімшарт бар. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 1,7 есе көп.

Жаңа өндірістерді іске қосуға және импортты алмастыруға ынталандыратын офтейк-келісімшарттар тетігі де кезең-кезеңімен дамып келеді. 2024 жылы жалпы құны 190 млрд теңге болатын 367 офтейк-келісімшарт, 2025 жылы құны 257,5 млрд теңгені құрайтын 363 офтейк-келісімшарт жасалды. Бұл құндық көрсеткіш бойынша 35%-ға артық. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында жалпы сомасы шамамен 47 млрд теңгеге тағы осындай 115 келісімшарт жасалды. Осы кезеңде жалпы құны 53 млрд теңгені құрайтын импортты алмастыру бойынша 9 жоба мақұлданды. Жалпы құны 74 млрд теңгені құрайтын тағы 13 жоба қаралу сатысында.

Жалпы алғанда, кейінгі жеті жылда «Самұрық-Қазына» тобының қолдау тетіктері аясында жалпы құны 610 млрд теңгені құрайтын жаңа өндірістерді іске қосу жөніндегі 108 жоба мақұлданды. Оларды жүзеге асыру 3 мыңнан астам жаңа жұмыс орнын ашуға ықпал етті.

АУЫР ЖҮК КӨЛІКТЕРІ КІРМЕЙДІ

Астана қаласының аумағы арқылы транзиттік автокөліктердің жүру схемасы мен тәртібі айқындалды.

«Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңы 8-бабының 13) тармақшасына сәйкес, Астана қаласының

әкімдігі тиісті қаулы шығарды. Осы құжатқа сәйкес, ауыр жүк таситын транзиттік көліктер бұдан былай Астанаға кіре алмайды. Олар тек «Астана

қаласының айналма жолы» автокөлік жолы арқылы жүре алады. Бұл ретте қала шегінде жеңіл автокөліктердің қозғалысына шектеулер белгіленбеген.



ЗАҢНАМАЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕР ҚАРАЛДЫ

Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің кезекті отырысында елорданың өңірлік нышандарын құқықтық тұрғыдан жаңарту және қалада қолжетімді ортаны қамтамасыз ету мәселелері қаралды.

Отырыстың күн тәртібіне Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының өңірлік нышандарының сипаттамасын және оларды пайдалану тәртібін бекіту туралы, сондай-ақ Астана қаласында қолжетімді ортаны қамтамасыз ету қағидалары туралы нормативтік құқықтық актілердің жобалары енгізілді.

Жиында Астана қаласы Тілдерді дамыту және мұрағат ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп елорданың өңірлік нышандарына қатысты заңнамалық өзгерістерге тоқталды.

– 2026 жылғы 1 шілдеден бастап Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 2026 жылғы 5 маусымдағы №299-VIII ҚРЗ «Қазақстан



Республикасының астанасы мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңы қолданысқа енгізілді. Аталған заңнамалық өзгерістерге сәйкес елорданың өңірлік нышандарына қатысты құқықтық реттеу тәртібі жаңартылды, – деді Сәкен Есіркеп.

Оның айтуынша, осы өзгерістерге байланысты Астана қаласы әкімдігінің «Қазақстан Республикасы астанасы – Астана

қаласының өңірлік нышандары туралы» қаулысының жобасы әзірленген. Сонымен қатар қолданыстағы «Қазақстан Республикасы астанасы – Астана қаласының рәміздері туралы» мәслихат шешімін жаңа заңнама талаптарына сәйкестендіру көзделіп отыр. Осы мақсатта құжаттың атауын «Қазақстан Республикасының астанасы – Астана қаласының өңірлік нышандарының сипаттамасын және оны пайдалану тәртібін

бекіту туралы» Астана қаласы мәслихатының шешімі деп өзгертіп, жаңа редакцияда қабылдау ұсынылған.

Сәкен Есіркептің мәліметінше, әзірленген жоба қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкес келеді. Қазіргі уақытта әкімдік қаулысының жобасына қол қойылып, мәслихатқа жолданған. Бұдан бөлек, нормативтік құқықтық актілердің жобасы ашық қоғамдық талқылауға шығарылған.

ЖАС ҚАЛАМГЕР ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының ұйымдастыруымен зиялы қауым өкілдері, ақын-жазушылар мен қоғам қайраткерлері ұлы ақын Абай Құнанбайұлының ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті.



Шапағат ӘБДІР

Тағылымды іс-шараға Астана қаласы әкімінің орынбасары Талғат Рахманберді, қалалық мәслихат төрағасы Табиғат Зейнұлқабден, Қоғамдық кеңес төрағасының міндетін атқарушы Кәрімбек Құрманәлі, Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы Сәкен Есіркеп, Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Күлкенов, одақтың Астана қалалық филиалының төрағасы Бауыржан Бабажанұлы, жазушы Роза Мұқанова, ақын, қоғам қайраткері Жанарбек Әшімжан және өзге де зиялы қауым өкілдері қатысты. Жиналғандар Абай мұрасының қазақ руханиятындағы айрықша орнына

тоқталып, ұлы ойшылдың шығармаларында көтерілген білім, ғылым, еңбек, әділет, адамгершілік пен ел бірлігі идеяларының бүгінгі қоғам үшін де маңызы зор екенін атап өтті.

Гүл шоқтарын қою рәсімінен кейінгі іс-шара Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасында жалғасып, «Сөз өнері: жасампаз жас қалам» атты республикалық әдеби форумға ұласты. Оған Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегерлері, белгілі ақын-жазушылар мен жас қаламгерлер қатысты. Олардың қатарында Серік Ақсұңқарұлы, Сауытбек Абдрахманов, Алдан Смайыл, Оңайгүл Тұржанова, Ділдер Мамырбаева, Қуаныш Жиенбай, Ғалым Жайлыбай, Қойлыбай Асанов және басқа

да әдебиет өкілдерімен қатар Алматы, Қарағанды және Ұлытау облыстарынан арнайы келген қаламгерлер, Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, Астана қаласының әдебиеттанушылары мен сыншылары, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері бар.

Республикалық әдеби форумның басты мақсаты – жас қаламгерлердің шығармашылық әлеуетін қолдау, қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелерін талқылау, аға буын мен жас буын арасында тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасау және әдеби ортадағы кәсіби байланысты нығайту.

Жиында жастар әдебиетінің қазіргі даму бағыты, жас қаламгерлердің шығармашылық ізденісі, әдебиеттегі буын сабақтастығы, бүгінгі әдеби сын-

ның рөлі мен жауапкершілігі кеңінен сөз болды. Әдебиетке жаңадан қадам басқан жастардың шығармашылығын қолдау, олардың кәсіби тұрғыда қалыптасуына жағдай жасау мәселелері де назардан тыс қалмады. Аға буын қаламгерлер мен жас шығармашылық иелері де еркін пікір алмасты.

Форум қорытындысында жастар әдебиетін қолдауға, жас қаламгерлердің шығармаларын насихаттауға және әдеби үдерісті дамытуға бағытталған нақты ұсыныстар мен тұжырымдар қабылданды. Ал қатысушылар Жасанды интелект орталығына барып, цифрлық технологиялар мен жасанды интелекттің әдебиет пен шығармашылық саласындағы мүмкіндігімен танысты. Онда қаламгерлер шығармашылық үдерісте жаңа технологияларды тиімді пайдалану жөнінде пікір алмасты. Одан кейін «ÖzgeRic» шығармашылық орталығында әдебиет пен мәдениет өкілдерінің қатысуымен әдеби-музыкалық кездесу ұйымдастырылды. Мұнда жастар шығармашылығы, қазіргі әдеби үдерістер және мәдени ортадағы жаңа бағыттар төңірегінде бейресми пікір алмасу өтті.

– Бұл күндері бүкіл Қазақстан Абайға тағзым етіп, оның жырларын оқып, әндерін айтып, қазаққа қалдырып кеткен сан қырлы мұрасын еске алып жатыр. Бізге Абай өзінше асқақ күйінде, ғажап күйінде қайта оралды. Біз енді оны дәріптей береміз, – деді Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы Мереке Күлкенов.

Елорданың «Жетісу» саябағында Астана қаласы әкімдігі Дін істері жөніндегі басқармасының қолдауымен «Qamqor-Astana» қоғамдық қоры «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға» атты көпшілікке арналған «Ашық алаң» ақпарат-түсіндіру шарасын ұйымдастырды.

«АҚЫРЫН ЖҮРІП, АНЫҚ БАС...»

Іс-шара Абай күніне орай өтті. Мақсат – елорда тұрғындарын деструктивті діни ағымдар мен олардың қаупі туралы хабардар ету, діни сауаттылықты арттыру және дін саласындағы заң-

тивті діни ағымдардың алдын алуға арналған «сұрақ-жауап» форматындағы ақпараттық сессия өткізілді.

Сайыс жеңімпаздарына алғыс хаттар мен бағалы сыйлықтар табысталды. Сондай-ақ



намамен танысу мен ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Соның барысында жасөспірімдерге арналған Отан, білім, отбасы құндылықтары жайлы мақал-мәтел сайысы ұйымдастырылып, қызықты викториналар мен ойындар арқылы олардың танымдық көкжиегін кеңейтуге бағытталған интерактивті бағдарламалар ұсынылды. Сонымен қатар қатысушыларға ұлттық құндылықтар, дәстүр, тарих және діни сауаттылық туралы мағлұматтар беріліп, деструк-

акцияға атсалысқан белсенді еріктілер де алғыс хаттар және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

Шара аясында елорда тұрғындарына деструктивті діни ағымдардың қаупі туралы ескертетін, сенімді дереккөздердің, тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдардың тізімін, дін саласындағы заңнаманы және т. б. қамтитын 3 мыңнан астам ақпарат брошюралары үлестіріліп, бейнероликтер көрсетілді.

ИНТЕРАКТИВТІ ҚҰҚЫҚТЫҚ КВЕСТ ӨТТІ



«Заң мен тәртіп» қағидаты аясында бас қаламызда жастардың құқықтық және цифрлық сауатын арттыруға бағытталған «Құқық қаласы» интерактивті құқықтық квесті өтті.

Биылғы квесттің негізгі бағыты – киберқауіпсіздік. Қатысушылар кибералаықтардың әрекетін ажырату, жеке деректерді қорғау, интернеттегі қауіпсіздік талаптарын сақтау және түрлі құқықтық жағдайларды шешу бойынша тапсырмалар орындады. Сондай-ақ қауіпсіз құпиясөз таңдауға арналған интерактивті ойын ұйымдастырылып, ең қауіпсіз құпиясөзді анықтаған қатысушыға арнайы сыйлық табысталды.

– «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында «Астана жастары» жастар ресурстық орталығы, Астана қаласының әкімдігі, Астана қаласы ПД Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы, Астана қаласы Есіл ауданы әкімдігі және «Kids Security» ұйымының бірлесіп ұйымдастыруымен киберквест ойыны өтті. Мақсат – жастардың киберқылмысқа қарсы тұру дағдыларын қалыптастыру, кибергигиена талаптарын сақтаудың жолдарын үйрету және киберквест форматын-

дағы интерактивті ойындар арқылы қажетті ақпаратты жастарға тиімді жеткізу. Ойын барысында қатысушылар киберқылмысқа қатысты құқықтық ақпараттармен танысты. Қазіргі таңда көптеген азамат барлық қосымшаларда, атап айтқанда, банк қосымшаларында, әлеуметтік желіде және электрондық пошта аккаунттарында бірдей құпиясөз қолданады. Алаяқтар бір құпиясөзді анықтау арқылы адамның бірнеше аккаунтына қол жеткізіп, жеке ақпаратын иемденуі мүмкін. Сондықтан әрбір аккаунтқа түрлі әрі күрделі құпиясөз орнатқан пұдыс, – деді Астана қаласы ПД Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Сәкен Алауханов.

Еске салсақ, «Құқық қаласы» квесті биыл үшінші рет өтіп отыр. Жоба жыл сайын жастардың өртүрлі санатын қамтып, құқықтық білімді интерактивті форматта түсіндіруге бағытталған.

«Астана-Өрнек» ЖШС, БСН 060540003924, жарғылық капитал мөлшерінің 1 678 314 306,11 (бір миллиард алты жүз жетпіс сегіз миллион үш жүз он төрт мың үш жүз алты) теңге, 11 (он бір) тиынға дейін азайғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 22. Тел.: 8-7172-24-20-18.

АСТАНА ҚАЛАСЫ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!


Астана қаласы мәслихатының жұмыс жоспарына сәйкес, 2026 жылғы қыркүйектің екінші онкүндігінде «Өткен жыл бойынша әлеуметтік-мәдени даму саласындағы мемлекеттік және жергілікті бағдарламаларды іске асыру және алдағы кезеңге арналған міндеттер туралы» тақырыбына сессия өткізу жоспарлануда.

Күн тәртібі бойынша ұсыныстар мен мәселелерді қалалық мәслихат аппаратына жолдауларыңызды сұраймыз. Тел.: 55-66-35, эл. пошта: astana@maslihat01.kz

Т. ЗЕЙНҰЛҚАБДЕН,
Астана қаласы
мәслихатының төрағасы

ДАНЫШПАННЫҢ ДАНАЛЫҚ ОЙЛАРЫ

Адамзат ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Өйткені Абай – әлемдік деңгейдегі кемеңгер тұлға. Абай әлемі – тұтас бір дәуірді қамтитын рухани мұра. Адамзаттың ғасырлар көшіндегі жеткен жетістігі мен жіберген кемшілігіне Абай айтып кеткен таным деңгейімен мән бере қарау, ұлы ақын сөздерінен ұлағат алу бүгінгі күннің басты ұстанымы болуы шарт.



Жас ұрпақ бойына адамгершілік мінез-құлқын, жалпы адамзаттық құндылық қасиеттерін қалыптастыруда негізгі бағдаршам – Хакім сөздері екендігі ақиқат.

Абай бірінші қарасөзінде: «Ақыры ойладым: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сияны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ» – деп, адамзат үшін биік идеалдар, ұлы мақсаттар жайлы ой толғады, туған халқының болашағының жарқын болуын аңсады.

Абай даналығы туралы, интеллектуалды ұлт қалыптастыру жолындағы Хакім даралығы жөнінде түрлі бағыттарда көп айтуға болады. Мен уақытты үнемді пайдалану үшін тек жекелеген бағыттарға ғана тоқталғанды жөн көрдім).

Абай шығармаларының басты идеологиялық қазығы – ғылым-білімді меңгерген, «бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық» болған, береке-бірлігі жарасқан, ой-өрісі дамыған халықтың болашағы, тәлім-тәрбиесі, ғылым-білімі.

Ежелгі Қытайдың ұлы ұстазы Конфуцийдің «Ең үлкен саясат – тәрбие» деген қанатты сөзі бар. Қазақтың көзінің қарашығындай қорғаған, қызғыштай қорыған бір ғадеті – ұрпақ тәрбиесі, ел болашағы.

Біз бүкіл әлемді ақыл-ой мен парасатты пайым арқылы ғана мойындата аламыз. Заман талабына сай білім алу интеллектуалды ұлт қалыптастыруға жол ашады. Ғылым-білімді терең меңгеру – болашағы мәңгілік елдің маңызды бағытының бірі. Рухани кемелділік те, ұлттық таным мен тәрбие де біліммен молая түсері хақ.

Абай мұрасына үнемі сүңгі берсек, тереңге бойлай түсеріміз анық. Рухани байлық та, кемелділік те сол тереңдікте. Ақынның өзі:

Малда да бар жан мен тән, Ақыл сезім болмаса, Тіршіліктің несі сән Тереңге бет қоймаса, – дейді емес пе?! Ал сол тереңдік Абай мұрасында жатыр ғой...

Хакім өзі: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулімен өлшеусізді білуге болмайды» – деп айтқанындай, әрине, мұхиттай терең Абай тұңғығына бойлау мол білімді, зор ақылды қажет етеді. «Қазақтың бас ақыны» деп Абай ұлылығына тағзым жасаған Ахмет Байтұрсыновтың: «Абай сөздері жалпы адамның түсінуіне ауыр тиетіні рас. Бірақ ол ауырлық Абайдың айта алмағанынан кемшілік емес, оқушылардың түсінерлік дәрежеге жете алмағанынан болатын кемшілік. Олай болғанда, айып жазушыда емес, оқушыда» – дегеніндей әлемнің Абайын әлі де болса толық тани да алмай, таныта да алмай жатсақ, ол ақынның кемшілігі емес, біздің, бүгінгі ұрпақтың кемшілігі.

Хакім Абай айтқан әр сөз, құнды ой өміршеңдігімен маңызды. Қанша уақыт өтсе де, замана көшінің әр кезеңде де маңыздылығы артып келе жатқандығы анық.

Шындығында да, қазіргі таңда «Оқыған білер әр сөзді» дегендей ғылым-білімге ден қоямыз қажет. «Ғылым таппай мақтанбауымыз, Өнер таппай баптанбауымыз» керек. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп кітап құмарлығымызды арттырып, «Өзің сен, өзінді алып шығар, Еңбегің мен ақылың екі жақтап» тек білімге, ақылға, еңбекке сенуіміз қажет. Сол себептен де қазіргі нарықтық заманда бос жатпай «Егіннің ебін, Сауданың

тегін, Үйреніп ойлап, мал ізде» – дегеніндей жанталаса еңбек ету қажет. «Ақыл таппақ, мал таппақ, адал жүрмек» керек. «Адал бол – бай тап, Адам бол - мал тап» -дейді Абай. Ал мал табудың да негізі – білім мен ғылымда екендігі ақиқат.

«Біз ғылымды сатып мал іздемек емеспіз», «Керісінше, ел дәулетті болуы үшін ғылымды игеру керекпіз» – дейді хакім Абай. Ақын айтқандай «Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз» емес пе қазіргі таңда да.

Абай мұрасы – «Толық адам», «Кемел адам» болудың концепциялық тұғыры. Адами қасиеттер адамды қанаттандырып, озық идеялар тудыруына септігі тиеді. Абай ел болашағы үшін «толық адам» ілімін жасады. Адамгершілік адамзатты ізгілікке жетелейтін қасиет екенін дәлелдеп, мәдениеті жоғары өркениетті ел болуға жетеледі.

«Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақтықтан» алыс болып, «талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымға» асыққан ұрпақ береке-бірлігі жарасқан, ой-өрісі дамыған елде достықтың туын жығылпай жоғары ұстауы шарт. Жүректе қайрат болмаса, Ұйықтаған ойды кім түртпек. Ақылға сәуле қонбаса Хайуанша жүріп күнелтпек Өмірдің сыр-қырын түсінгісі келген ойлы адам, қай ілім пайдалы, қандай таным зиян екенін айыра білу үшін ізденеді, терең толғанады, барлығын тең салмақтайды.

Таным туралы ғылым – Абайдың түйсік туралы айтылған ойларына сай келеді. Біз ақиқатты қалай көреміз, жаратылыстың сан қырлы құпияларын қалай сеземіз? Осы көрген, сезген дүниені қалай қорытамыз, қалай нәтиже шығарамыз? Міне, Абай даналығы осы бір сұрақтарға қазақы таныммен жауап беруінде. Бүгінде ғылым, техноло-

гия және экономика адамның психологиялық және моральдық дамуынан озып барады. Ақпараттың молдығынан, оған ілесе алмай адам бойына үрей, қорқыныш пайда бола бастады. Немесе «жігерлендіретін» себеп іздейді. Бұл мақсат пен мұрат деген қасиеттің төмендеуінің белгісі. Абай адам өміріндегі бұл мәселені жиырмасыншы сөзінде «жалығу» деген.

«Дүние бірқалыпты тұрмайды, адамның қуаты, ғұмыры бірқалыпты тұрмайды» – дейді Хакім Абай. Осы өзгеріс бағытымен адам да жаңарып отыруы тиіс. Жетістікке деген талпыныс сыртқы байлық екенін ұғынғанымыз жөн, ішкі жан дүниемізді байытуға деген талаптың да зор болғаны абзал.

Иә, қазіргі заман адамы жаңа дәуір ақпараты мен ғылым тудырған алуан құндылығына сіңісіп, рухани құндылықты ысырып тастады. Сөйтіп, өмірдің мәні мен адам деген қасиетін жоғалта бастады. Бөлшектенген адами болмысты қалпына келтіретін дүние – халықтың ежелден келе жатқан рухани-әдеби құндылықтары. Осы мол байлықтың қатарынан маңызды орын алатын Абай мұрасы.

Абайдың да басты мақсаты мен арманы – халқымыздың «ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» қасиетімен даралануы. Ғылым-білім жолына үндеген, адамзаттың бәрін махаббатпен сүйеге шақырған, толық адамның қасиеттерін негіздеген, алланың хикметін сезу жолдары айтылған Абай мұрасының даралығы да, даналығы да әлем бойынша алдағы уақытта жарқырай берері хақ!

Жандос ӘУБӘКІР,
«Абай академиясы»
ғылыми-зерттеу
институтының
директоры

Астана қаласында Ұлттық академиялық кітапханасында «Абайтанудың әлемдік контекстіндегі ғылыми аспектілері» атты лекция ұйымдастырылды. Аталған лекцияны көрнекті фольклортанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, Қ.А. Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры Шәкір Ибраев оқыды.

АБАЙ ІЛІМІ ДӘРІПТЕЛДІ

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Іс-шараны Астана қаласы Тілдерді дамыту және архив басқармасы, ҚР Ұлттық академиялық кітапханасының қолдауымен, Қазақстан Жазушылар одағының Астана қалалық филиалының «Қаламгер ұстаханасы» жобасы аясында өткізді.

Басты мақсат – ұлы ақын, көрнекті ойшыл, хакім Абайдың мұраларының мәнін ғылыми тұрғыдан зерделей түсу. Сондай-ақ оның рухани мұраларын әлемдік дүниетаным негізінде насихаттау

көзделеді.

– Абай туралы жазылып жатқан еңбек көп. Кітап шығып, мақала жазып, зерттеулер жүргізіліп жатыр. Мұндай үрдіс Еуропада бұрынан бар. Яғни, мұны ол жақта «оқырман рецепциясы» дейді. Біз де осы ойдың түйінін тарқатуға тырыстық. Абай әлемдік тұлға, ақын, ойшыл дейді. Келісеміз. Оның дәйегін дәлелдеу керек. Оны дәлелдеу үшін Аристотель, Әл-Фарабимен салыстырып жатамыз. Адамзаттың Абайы дәрежесіне дәйекті түрде көтеруіміз керек, – деді көрнекті фольклортанушы ғалым Шәкір Ибраев.

«КӨҢІЛІМ ӘНДІ ҰҒАДЫ»

Астанадағы Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебінде ұлы ақын, ойшыл әрі Абай Құнанбайұлының туған күніне орай «Көңілім әнді ұғады» атты кеш өтті. Рухани кеш барысында ақынның әндері мен өлеңдері орындалып, қара сөздері оқылып, ұлттық музыка арқылы Абай мұрасы дәріптелді.



Кеште өнер мектебінің педагогтері мен білім алушылары Абайдың кеңінен танымал әндерімен қатар сирек орындалатын музыкалық шығармаларын орындап, қара сөзінің тәрбиелік мәніне тоқталды. Сондай-ақ ұлттық аспаптар ансамблі мен оркестрінің орындауындағы туындылар көрерменге тарту етіліп, ақын мұрасының көркемдік және музыкалық қырлары жан-

жақты насихатталды.

Тәттімбет атындағы №1 өнер мектебінің директоры Алмас Сүлейменнің айтуынша, Абай мұрасын насихаттау өскелең ұрпақтың ұлттық санасын қалыптастырудағы маңызды міндеттің бірі. Шығармашылық кеште өнер көрсеткен оқушылар да Абай шығармашылығының олардың дүниетанымына оң әсер етіп жатқанын атап өтті.

ӘДЕБИ-МУЗЫКАЛЫҚ КЕШ

Астанада Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияда ақынның туған күні қарсаңында «Жүрегімнің түбіне терең бойла» әдеби-музыкалық кеші өтті. Іс-шараға педагогтер, ата-аналар, оқушылар қатысты.

Райхан
РАХМЕТОВА

Кештің мақсаты – ұлы ақынның тағылымға толы шығармалары мен ғибратты өмір жолын дәріптеу, Абай ілімін жас ұрпаққа кеңінен насихаттау. Жиында ақын, абайтанушы, «Абайтану» ғылыми-танымдық орталығының жетекшісі, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Алмахан Мұхаметқалиқызы Абай мұра-

сының рухани маңызы туралы тағылымды әңгіме өрбітіп, тың деректермен бөлісті.

– Негізгі тамыз айын Абай айы деп айтсақ болады. Біздің мектептің оқушылары да, ұстаздары да Абай тақырыбына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Бүгінгі жиын «Абай жолы» романындағы бұрын-соңды айтылмаған салт-дәстүрлер, ұрпақ тәрбиесіне Абайдың беретін өнегесі бай екенін, Абайдың

қазақтың жүрегінен мәңгілікке орын алып, қазақтың бойтұмарына айналғанын дәлелдейтін кеш болды – деді мектептегі «Абай» мұражайының жетекшісі А. Мұхаметқалиқызы.

Әдеби кеш барысында мектеп ұстаздары мен оқушылары Абайдың әндері мен өлеңдерін орындап, қара сөздерін жатқа оқыды. Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, әнші, арнайы шақырылған қонақ Құмарбек Қалқатай Абай әндерінің тарихын баяндап, ән шырқады.

– Абай біз үшін үлкен рухани тірекке айналды. Оның өлеңдері мен ғақлиялары адамды адастырмайтын алтын темірқазыққа айналдырды. Абай қазақ туралы,



туған халқы жайлы көп жазды, оны таныты, әлемдік гуманистік ойлар деңгейіне көтерді. Ендігі кезекте әрбір қазақ баласы Абайды оқып, Абайды түсініп, Абайды ұлықтауы тиіс! – деді Қ. Қалқатай.

Абай тойы қарсаңында елордада ақын атындағы жаңа мектеп ашылып, жас ұрпаққа

есік ашқан болатын. Бұл оқу ордасында Бала Абай, ақын Абай, хакім Абай деп оның өмірі мен шығармашылығы сатылай оқытылады. 2025 жылы мектеп оқушылары «Мың бала» жобасы бойынша бір мезетте хакімнің ғибратқа толы өлеңін айтты. Бұл да Абай мектебінің жүзеге асқан бір жобасы деуге

толық негіз бар. Сонымен қатар қалалық «Бала Абай» байқауы өткізіліп тұрады. Осы байқау жеңімпаздары ақын шығармаларынан үзінділер оқыды. Кеш соңында көрермендерге Абай туралы сұрақтар қойылып, ақын жайында көпшіліктің қаншалықты білімі бар екені тексерілді.

Айгул
УАИС

БАЛА ТУҒАН КЕЗДЕ
ЖӘНЕ КҮТІМІ ҮШІН
ТӨЛЕМДЕР

Бала туған кезде отбасының табысына қарамастан, баланың тууына байланысты біржолғы жәрдемақы тағайындалады. Сонымен, отбасында бірінші, екінші және үшінші бала туылған жағдайда 38 АЕК немесе 164 350 теңге мөлшерінде жәрдемақы тағайындалады.

Отбасында төртінші немесе одан кейінгі бала туылған кезде біржолғы жәрдемақы 272 475 теңге (63 АЕК) мөлшерінде төленеді.

2026 жылдың қаңтарынан бастап баласы 1,5 жасқа толғанға дейін күтімі бойынша жәрдемақының мөлшері:

- отбасындағы 1-ші балаға – 24 912 теңге (5,76 АЕК);
- отбасындағы 2-ші балаға – 29 454 теңге (6,81 АЕК);
- отбасындағы 3-ші балаға – 33 952 теңге (7,85 АЕК);
- отбасындағы 4-ші және одан көп балаға – 38 493 теңге (8,9 АЕК).

2026 жылдың 1 тамызына Астана қаласында баланың 1,5 жасқа дейін күтімі бойынша жәрдемақы 7821 отбасына төленіп отыр.

Жұмыс істейтін ата-аналарға баласы бір жарым жасқа толғанға дейін күтімі бойынша әлеуметтік төлем Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан тағайындалады. Оның мөлшері соңғы 2 жылда әлеуметтік аударымдар жасалған орташа айлық табыстың 40%-ын құрайды.

2026 жылдың 1 тамызына Астана қаласында баласы 1,5 жасқа дейінгі күтімі бойынша әлеуметтік төлем 28716 отбасына төленіп отыр.

ҚАНДАЙ ОТБАСЫЛАР
КӨПБАЛАЛЫ
ОТБАСЫЛАРҒА ЖАТАДЫ?

Өздеріңіз білетіндей, көпбалалы отбасыларға бірге тұратын көмелетке толмаған төрт және одан да көп баласы бар немесе күндізгі оқу нысанындағы 23 жасқа дейінгі студенттері бар отбасылар жатады.

Жәрдемақы отбасының табысына қарамастан тағайындалады.

Жәрдемақы мөлшері айлық есептік көрсеткіштен (АЕК) еселі түрде белгіленеді. Ағымдағы жылы АЕК 4 325 теңгені құрайды, сондай-ақ отбасындағы бала санына байланысты.

Төрт баланы тәрбиелеп отырған отбасы ай сайын 69 330 теңге алады. Төлем өтініш берген күнінен бастап тағайындалады, сондықтан ата-аналарға осы жәрдемақыға өтініш беруді кешіктірмеу керек.

Бес баласы бар отбасыға жәрдемақы мөлшері 86 673 теңгені құрайды.

Алты баласы бар отбасыға ай сайын 104 017 теңге төленеді. Жәрдемақы отбасы құрамында қажетті мөлшерде көмелетке толмаған балалар немесе күндізгі оқу бөлімінің студенттері есепте тұрғанға дейін сақталады.

Жеті баласы бар отбасы үшін төлем 121 360 теңгені құрайды. Егер көмелетке толған бала күндізгі оқуды жалғастырса, оқу орнынан анықтаманы жыл сайын растау қажет.

Сегіз және одан да көп баланы тәрбиелеп отырған отбасыларға әр балаға 17 300 теңгеден есептеледі. Отбасы құрамы өзгерген кезде төлем мөлшері де өзгереді.

2026 жылдың 1 тамызына Астана қаласында көп балалы отбасы бойынша төлем 38 мың отбасына төленіп отыр.



МЕМЛЕКЕТТІК
ТӨЛЕМДЕР ТӘРТІБІНДЕ
НЕ ӨЗГЕРІС БАР?

Бүгінгі таңда Қазақстанда балалары бар отбасыларды кешенді қолдау моделі қалыптасқан. Ол мемлекеттік жәрдемақылар жүйесін, әлеуметтік төлемдерді, азаматтардың өмірлік барлық кезеңдерінде жәрдемдесу шараларын, сондай-ақ атаулы әлеуметтік көмекті қамтиды. Отбасыларды әлеуметтік қолдау жүйесі әртүрлі өмірлік жағдайларды қамтиды.

МАРАПАТТАЛҒАН
АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН
ЖӘРДЕМАҚЫЛАР

Алты баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, «Күміс алқа» алқасымен марапатталған көпбалалы аналарға ай сайын 27680 теңге төленеді.

«Алтын алқа» алқасымен марапатталған аналар, сондай-ақ «Батыр ана» атағын алған және «Ана даңқы» орденінің I және II дәрежесімен марапатталғандар 32 005 теңге алады. Бұл санатқа жеті және одан да көп баланы дүниеге әкеліп, тәрбиелеген аналар жатады.

Астана қаласында марапатталған 8526 аналарға төленіп отыр.

Сонымен қатар, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қорғаншыларға жәрдемақы ең төмен күнкөріс деңгейінің 1,61 еселенген мөлшерінде төленеді. Ағымдағы жылы бұл жәрдемақының мөлшері 81871 теңгені құрайды.

Астанада бұл жәрдемақы 12786 ата-анаға төленіп отыр.

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫ
АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК
КӨМЕКТІ (АӘК)
ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙДА
АЛА АЛАДЫ?

Балалары бар, жан басына бөлгенде орташа табысы кедейлік шегінен төмен отбасылар атаулы әлеуметтік көмек алуға құқылы.

АӘК көлемі жан басына бөлгенде табыс пен нақты өңірде белгіленген кедейлік шегінің арасындағы айырма ретінде есептеледі (мысалыға: Астана қаласында үстіміздегі жылдың үшінші тоқсанға кедейлік шегі – 48 942 теңге).

Айта кету керек, әр отбасы үшін АӘК мөлшері әртүрлі болады. Есептеу кезінде жа-



ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ
АСТАНА ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША: БАЛА ТУУЫНА
ЖӘНЕ БАЛА БІР ЖАРЫМ
ЖАСҚА ТОЛҒАНҒА ДЕЙІН
ОНЫҢ КҮТІМІНЕ БАЙЛА-
НЫСТЫ ЖӘРДЕМАҚЫ –
15 648 АДАМҒА
ТАҒАЙЫНДАЛДЫ;
ТӨРТ ЖӘНЕ ОДАН ДА
КӨП БАЛАСЫ БАР КӨП-
БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА
БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ
1 930 АДАМҒА БЕЛГІЛЕНДІ;
324 КӨПБАЛАЛЫ
АНАЛАРҒА ЖӘРДЕМАҚЫ
БЕРІЛГЕН; 1 073 МҮГЕ-
ДЕКТІГІ БАР БАЛАНЫ
ТӘРБИЕЛЕП ОТЫРҒАН
АДАМДАРҒА
ЖӘРДЕМАҚЫ БЕРІЛДІ.

тексеріп, адам факторынсыз жәрдемақы тағайындау туралы шешім қабылдайды.

Жыл басынан бері Астана қаласы бойынша:

- бала тууына және бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жәрдемақы – 15 648 адамға тағайындалды;

- төрт және одан да көп баласы бар көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақы 1 930 адамға белгіленді;

- 324 көпбалалы аналарға жәрдемақы берілген;

- 1 073 мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған адамдарға жәрдемақы берілді.

Цифрландырудың тағы бір маңызды кезеңі жуырда ғана іске асырылды. Ағымдағы жылдың 23 шілдесінен бастап бала тууына байланысты жәрдемақыны, бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты жәрдемақыны және көпбалалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны тағайындау толықтай автоматтан-дырылды. Енді мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қажетті мәліметтер болған және қызмет алушының келісімі алынған жағдайда жәрдемақы тағайындау туралы шешім автоматты түрде қабылданады.

Бұл мемлекеттік қызмет көрсету мерзімін төрт жұмыс күнінен бір жұмыс күніне дейін қысқартуға мүмкіндік беріп отыр.

Жаңа сервис іске қосылған сәттен бастап толық автоматтандырылған форматта 981 жәрдемақы тағайындалды.

Цифрлық шешімдерді енгізудің тағы бір маңызды нәтижесі – Оқу-ағарту министрлігі мен Ғылым және жоғары білім министрлігінің ақпараттық жүйелерімен интеграцияның жүзеге асырылуы болды. Енді көпбалалы отбасылардың балаларының оқуы туралы мәліметтер автоматты түрде келіп түседі.

Егер бұрын жәрдемақы төлеу мерзімін ұзарту үшін жыл сайын оқу орнынан берілген қағаз анықтаманы ұсыну қажет болса, бүгінде SMS-хабарлама арқылы келісімін растау жеткілікті.

Осылайша, цифрландыру мемлекеттік қызметтердің сапасын едәуір арттыруға, оларды көрсету мерзімін қысқартуға және азаматтардың әлеуметтік қолдау шараларын алуын барынша ыңғайлы етуге мүмкіндік беріп отыр.

Біздің басты міндетіміз – мемлекеттік қолдау алуға құқығы бар әрбір отбасының оны жедел, ашық әрі артық әкімшілік рәсімдерсіз алуын қамтамасыз ету.

ОҚУШЫ НӘПАҚАСЫ ЖАСӨСПІРІМ ЖАЗДА ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ЫНТАЛЫ МА?

Шапағат ӘБДІР

Бүгінде еңбекке баулу мәселесі отбасы мен мектеп тәрбиесінің маңызды бағытына айналып отыр. Әсіресе, жазғы демалыс кезінде оқушылардың уақытын тиімді ұйымдастырып, оларды заң аясында уақытша жұмыспен қамту – еңбекке деген құрметті қалыптастырудың, қаржылық сауаттылықты арттырудың және алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтаудың тиімді жолдарының бірі. Алғашқы тапқан еңбекақы жасөспірімге ақшаның қадірін ғана емес, маңдай термен келген табыстың бағасын ұғындырады.

Биылғы оқу жылының қорытындысына сәйкес елімізде 3,9 миллион оқушы оқу жылын аяқтады. Оның ішінде 343 мыңы – 9-сынып, ал 215 мыңы – 11-сынып түлектері. Жазғы демалыс кезінде 3,2 миллионнан астам бала сауықтыру және демалыс шараларымен қамтылып, республика бойынша 11 мыңнан астамы демалыс орталығында жұмыс істеді.

Алайда жазғы демалысты тек тынығумен ғана емес, пайдалы еңбекпен өткізгісі келетін жасөспірімдердің қатары да көбейіп келеді. Дегенмен көмелетке толмағандарды жұмысқа тарту белгілі бір талаптар мен шектеулерге бағынады. Олардың денсаулығы мен қауіпсіздігі, еңбек құқықтарының сақталуы және жұмыс уақытының заңмен реттелуі – басты назардағы мәселелер. Ендеше елімізде оқушыларды жұмыспен қамту қалай жүзеге асырылады? Жасөспірімдер қандай жұмыстарды атқара алады? Жұмыс берушілер мен ата-аналар нені ескеруі тиіс? Осы сауалдарға жауап іздеп көрдік.

«Менің жазғы демалысым» ПЛАТФОРМАСЫ

Қазақстанда көмелетке толмағандардың еңбек құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен күшейтіліп келеді. Соның бірі – оқушылардың қауіпсіз әрі заңды түрде жұмыс табуына мүмкіндік беретін enbek.kz порталындағы «Менің жазғы демалысым» арнайы бөлімі.

Бұл бөлім өткен жылдан бері жұмыс істейді. Платформа арқылы 14 жастан бастап оқушылар тіркеліп, жеке кабинет ашып, түйіндемесін орналастырып, өзіне қолайлы жұмыс іздей алады. Ал 16 жасқа толмаған балалардың жеке кабинетін заңды өкілдері тіркейді. Платформа еңбек шарттарының міндетті түрде жасалуын қамтамасыз етіп, қауіпсіз жұмыс іздеуге мүмкіндік береді. 2026 жылдың басынан бері «Менің жазғы демалысым» платформасы арқылы 1 024 оқушы жұмысқа орналасса, 2025 жылы бұл көрсеткіш 4 552 адамды құрады. Жалпы өткен жылдан бері белсенді жұмыспен қамту шараларымен 8,5 мыңнан астам оқушы қамтылған.

ҚАЗАҚСТАНДА 5,3 МЫҢ ОҚУШЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Асқарбек Ертаевтың айтуынша, елімізде еңбек қызметіне рұқсат етілген

«Еңбегің қатты болса, татқаның тәтті болады» деп сан ғасырдан бері адал еңбекті адам өмірінің басты құндылығы санап келген халқымыз үшін еңбек – тек нәпақа табудың ғана емес, тұлғаны тәрбиелейтін, жауапкершілік пен табандылықты қалыптастыратын өмір мектебі. «Еңбек түбі – береке», «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген нақылдар да осының айқын дәлелі.



14 пен 18 жас аралығындағы балалардың саны 1,7 миллион адамды құрайды. Қазіргі таңда олардың 5,3 мыңы жұмыспен қамтылған.

– Олардың басым бөлігі сауда, ойын-сауық және демалыс қызметтері, сондай-ақ қоғамдық тамақтану салаларында еңбек етеді. Бұл – жасөспірімдердің алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтайтын негізгі бағыттар. Мамандықтарға келсек, олар көгалдандыру жұмысшысы, курьер, даяшы, сатушы-кеңесші, аспаз көмекшісі, аниматор және басқа да қызметтерді атқарады, – деген болатын Үкімет отырысында министр Асқарбек Ертаев.

ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІ – ЕЛДІК ТӘРБИЕНІҢ БІР БӨЛІГІ

Бұл мәселеге Үкімет те ерекше назар аударып отыр. Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» бастамасы аясында балалардың еңбек және экологиялық тәрбиесін күшейту қажеттігін айтқан.

– «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы шеңберінде жазғы жұмыспен қамту бағдарламаларына экологиялық акцияларды, волонтерлік жобаларды, аумақтарды абаттандыру, экологиялық мәдениетті қалыптастыру және қоршаған ортаға ұқыпты қарау шараларын енгізу қажет. Балалар ерте жастан өз ауласындағы, мектебіндегі, ауылындағы, қаласындағы тазалық пен тәртіп үшін жауапкершілікті сезінуі керек. Президент атап өткендей, заңды құрметтеу, табиғатты аялау және жасампаз патриотизм қағидаттары

өскелең ұрпақтың санасында орнығуға тиіс, – деген Олжас Бектенов.

АСТАНАДА ҚАНША ЖАС ЖҰМЫСҚА ОРНАЛАСТЫРЫЛДЫ?

Елордада да оқушылар мен студенттерді жазғы уақытта жұмыспен қамтуға ерекше көңіл бөлінуде. Астана қаласының жалпы білім беретін мектептерінің жоғары сынып оқушылары мен студенттері үшін қоғамдық жұмыстар ішле айынан бастап ұйымдастырылып келеді.

Астана қаласы әкімдігінің «Еңбек мобильділігі орталығы» КММ директоры Олжас Омардың айтуынша, 2026 жылғы 30 шілдедегі жағдай бойынша елордада 198 жас жұмысқа орналастырылған. Оның ішінде 127-сі – студент, 71-і – жоғары сынып оқушысы. Барлық еңбек қатынастары еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарттары арқылы рәсімделген.

ҚАНДАЙ БАҒДАРЛАМАЛАР АРҚЫЛЫ ЖҰЗЕГЕ АСАДЫ?

Жыл басынан бері Халықтың еңбек мобильділігі орталығы арқылы 937 жас субсидияланатын жұмыс орындарына жолданған. Оның ішінде 209 адам – «Жастар практикасына», 113 адам – әлеуметтік жұмыс орындарына, ал 615 адам қоғамдық жұмыстарға жіберілді.

Сонымен қатар жазғы демалыс кезінде «Жасыл ел» жобасы аясында Халықтың еңбек мобильділігі орталығы арқылы 1 545 студент пен оқушы жұ-

мыспен қамтылды. Жоба жастар саясаты саласындағы уәкілетті органдар арқылы жүзеге асырылады. Қатысушылар ағаш отырғызу, аумақтарды тазалау, саябақтар мен орман алқаптарын күтіп-баптау жұмыстарына қатысады.

ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

Орталық басшысы Олжас Омардың айтуынша, қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың еңбекақысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес төленеді.

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 15 маусымдағы №476 қаулысына сәйкес қоғамдық жұмыстарға қатысушылардың жалақысы кемінде 24 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде белгіленген. Субсидияланатын жұмыс орындарына қатысушылардың еңбекақысы жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленеді, – дейді ол.

ҚАНДАЙ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН?

Жастардың еңбек құқықтарының сақталуын қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілер арасында еңбек заңнамасының талаптарын сақтау жөнінде тұрақты түрде ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жұмысқа қабылданған барлық оқушылармен және студенттермен Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шарттары жасалады.

Сонымен қатар мансап орталықтары арқылы жұмысқа

орналасқан жастардың еңбек жағдайын бақылау мақсатында жұмыс беруші ұйымдарға тұрақты түрде көшпелі мониторинг ұйымдастырылады.

Колледж түлектерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін Халықтың еңбек мобильділігі орталығы бос жұмыс орындары жәрмеңкелерін өткізіп, мемлекеттік қолдау шаралары мен жастарды жұмыспен қамту мүмкіндіктері туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін білім беру ұйымдарында кездесулер ұйымдастырады.

АТА-АНАЛАР РИЗА

Жастарды еңбекке баулу бастамаларына ата-аналар да оң

тұрамын. Жұмыстары жүйелі ұйымдастырылған, өздерінің жас ерекшелігіне сай жеңіл еңбекпен айналысады. Сондықтан аландамаймыз. Біз сияқты бес-алты бала тәрбиелеп отырған отбасылар үшін мұндай бағдарламалардың маңызы зор. Баланың бос жүргенінен гөрі еңбек етіп, уақытын пайдалы өткізгені өзіне де, ата-анасына да тиімді.

Ең бастысы, бала қала тіршілігін танып, адамдармен қарым-қатынас жасауды үйренеді. Еңбектің қадірін түсінеді, жұмыстың қыр-сырын меңгереді. Алғашқы табысын тауып, өзіне қажетті киім-кешегін немесе басқа да керек-жарағын сатып алады. Сондықтан жастарды еңбекке баулуға, оларды



ҚАЗАҚСТАНДА 5,3 МЫҢ ОҚУШЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН. ЕҢБЕК ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ МИНИСТРІ АСҚАРБЕК ЕРТАЕВТЫҢ АЙТУЫНША, ЕЛІМІЗДЕ ЕҢБЕК ҚЫЗМЕТІНЕ РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН 14 ПЕН 18 ЖАС АРАЛЫҒЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ САНЫ 1,7 МИЛЛИОН АДАМДЫ ҚҰРАЙДЫ. ҚАЗІРГІ ТАҢДА ОЛАРДЫҢ 5,3 МЫҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛҒАН

бағасын беріп отыр. Көпбалалы ана Фатима Жұмақынның айтуынша, жазғы демалыс кезінде еңбекке араласу балалардың өмірлік тәжірибе жинақтауына зор мүмкіндік береді.

– Күнделікті баламмен хабарласып, жағдайын сұрап

уақытша жұмыспен қамтуға бағытталған мемлекеттік бағдарламаларды толық қолдаймыз. Бұл – балалардың болашағына салынған инвестиция әрі көпбалалы отбасыларға көрсетілген нақты қолдау, – дейді Фатима Жұмақын.

МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҚҚА ҰСЫНЫЛҒАН



«ЖОШЫ ХАН» – ТАРИХИ ҚОЙЫЛЫМ

Соның бір дәлел-айғағындай «Теңізді бастан тұндыратын, теректі түптен тұрғызатын» Жошы хан тарих сахнасынан өнер сахнасына алшандап шықты. Аңыздың финалы емес, кіріспесі бұл туындының тамыры болып бүлкілдеген екен. Ұлы дала оғланының өнердегі бірегей тұлғасын тірілткен авторлар – драматург Думан Рамазан мен режиссер Болат Ұзақов. Сондай-ақ Жошы рөлін сомдаған актер драматург пен режиссер тұлғалаған қаһарманның болмысын көрерменнің көз алдына әкелуге бар күшін салған. Қалибек Қуанышбаев атындағы Ұлттық академиялық музыкалық театрда сахналанған «Жошы хан» қойылымы көрермен жүрегіне жол тапқанын баса айтқан ләзім.

Жошы ұлысы – Ұлық Ұлыс – Алтын Орда... Ұлы даладағы ұлы істерді орындау үшін туған әмірші, батыр, би бар, бір бойында бірнеше қасиет тоғысқан талайлы тағдыр иелері бар. Солардың бірегейі Жошы еді...

Біздің мемлекеттігіміздің бастауы, алтын шынжырымыздың қауызы болған Ұлы дала мемлекетінің іргетасын қалап, қабырғасын бекітіп, шаңырағын көтерген Жошы тағдыры – қазақтың тағдыры.

Сөз өнері мен күй өнеріне тағдыры арқау болып тартылған қаһарманның болмысы енді жаңа кеңістікте – екі өнердің басын қосқан драматургияда көрініс тапқан екен.

Шымылдық ашылған сәттен сол заманның тынысын аңғартатын бағзы бір сан қабатты сазы бар әуен болар оқиғаны, белең алар тартысты сәттерді алдын ала аңғартқандай. Ұлттық болмыстың рухани қалпын жеткізетін әуезбен қойылымды айшықтаған Еділ Құсайынов пен Қайрат Тоқымбековтың сол заманның психологиясын терең сезінгеніне ризашылық оянда.

Драма оқиғасы Үргеніш қаласынан бастау алады. Жошы мен Шағатайдың арасындағы тартыс әр қаһарманның мінез-болмысын бірден аңғартады. Жошының адамгершілік тұлғасы әр сөз, әр әрекетінен көрінеді. Жошы рөліндегі жас актер Қайыржан Садықовтың ізденісі айтарлықтай. Көзсіз батырлық, тайсалмас жаужүректік пен парасатты ой, салқын ақылды өз бойында тоғыстыра білген бас қаһарманның ел тағдырына алаң болған әміршілік қалпы автор мен режиссердің бір-бірін қапысыз түсінген үндестігінен һәм актердің шеберлігінен тұтаса сомдалғанын түйсінеміз. Шағатай рөліндегі актер Жасұлан Ерболаттың да өз кейпкері – Шағатайды сомдауы айрықша.

Жошы хан туралы қазақ жадында жаңғырған аңыздың ғұмыры мың жылға жақындады. «Ақсақ құланды» бебеулеткен әрі Шыңғыс қағанмен жыр тілінде жауаптасқан ұлы жырау – Кетбұғаның дауысы қазақтың жадында әлі де жаңғыра берер...

Драмадағы кейіпкерлердің әрқайсысы арқалаған жүк бар. Шыңғыс хан рөліндегі актер Асылбек Қапаев та бұл даңқты тұлғаны жаңа қырынан көрсетеді. Күркіреген даңқы, асқақтаған айбарымен әлем билеушісі атанған Шыңғыс бұл қойылымда аласапыранға толы заманның қым-қиғаш қақтығысынан шегініп, салқын сабыр мен терең ақыл кеңістігіне ойысқан болмысымен көрінеді. Сахналық қойылымдағы Төле, Бектомыш, Кетбұға жырау, Бату бала, Құлан қатын, Көкеші көріпкел – әрқайсысының өзіндік мақсат-мүддесі, атқарар қызметі бар кейіпкерлер. Ешқайсысы тартыстан тыс, оқиғадан шет қалмайды.

Екі бөлімнен тұратын қойылымның ішкі желісі, психологиялық иірімдері, тартыс жүйесі шашау шықпай бір құрылымға шебер киоластырыла бағынған. «Шыңғыс ордасы» атты бірінші бөлімде тартыс кейіпкерлер арасында сыртқы қақтығыс түрінде өрбісе, «Қазақ ордасы» атты екінші бөлімде ішкі коллизия ауанында беріледі.

Жошы мен Шыңғыс арасындағы нәзік конфликт екеуінің көзқарасынан туындайды. Бұл жерде ешқандай билікке талас жоқ. Тындайықшы:

«Жошы: Осыншама қырғын соғыстың шегі болуы керек қой. Артыңыздан ерген жұртыңыз да үздіксіз қанды жорықтан әбден титықтады. Ұлықтар абыройлы жеңісті ойласа, қара халық бейбіт тыныш өмірді аңсайды.

Шыңғыс хан: Тыныштық деймісің?! Бүкіл әлем бір билікке, бір тәртіпке бағынғанда ғана жер бетінде тыныштық орнайды. Жошы: Қаған-әке, бәрін бір қалыпқа салам деп жүргенде, түркі баласы өзі жұтылып, өзегінен айырылып қалмай ма?! Көп қорқытады, терең батырады. Сонда түркі баласының қара шаңырағы қайда қалады? Кім ие болады?! Заманнан заман өтер, лек-легімен ұрпақ келер. Сонда олардың бізге айтарғы алғыс бола ма, жоқ әлде қарғыс бола ма? Менің пайымымда, қаған-әке, егер жер бетінде тіршілік тоқтамайтыны рас болса, соғыс та ешуақытта тоқтамайды. Себебі әр заманның өз Шыңғыс ханы болады.

Шыңғыс хан: Қателесесің, Жошы! Дүниеде Шыңғыс хан жалғыз. Ол енді қайта тумайды.



Адамдар тығырыққа тірелгенде оны іздейтін болады, аңсайтын болады, бірақ ол кезде Шыңғыс хан қол жетпейтін алыста болады. Естеріңде болсын, сендер Көк Тәңірінің қалауымен құдіретті сәуледен жаралып, ұлы істерді атқаруға, билік жүргізуге жіберілген Алтын ұрықсыңдар. Алтын ұрықты кінәлауға, жазалауға өздеріңнен басқа ешкімнің хақысы жоқ».

Жошы адам баласын тоқтаусыз қанға бөктіретін соғысқа наразы. Қаһарлы әкесіне осы қарсылығын ашық жеткізеді. Ал шексіз билікке, үстемдікке қол жеткізген Шыңғыс ханның көзқарасы басқаша. Оның ойынша, өзіне бағынбағанның бәрінің көзін жою керек. Әке мен баланың келіспейтін тұсы осы. Тыныштық – темірдей әрі аяусыз тәртіп болса ғана болады деген әке сөзінің де өз қисыны бар. Дәлелі жеткілікті. Жошының да сөзі дәлелді, шындық. Енді осы екі пікір соқтығысы әрі қарай қалай өрбиді, қай бағытқа жол тартады? Пікір қайшылығын өз мақсаттарына ұтымды пайдалануға жан-тәнімен кіріскен Құлан қатын мен Көкеш бақсының мақсаттары мүлде басқа. Елдік, тыныштық дейтін ұғымдар бұл екеуіне мүлде жаты. Шыңғыс пен Жошының, Жошы мен өзге ханзадалардың арасына от тастап, шағыстыру, араздастыру ниетіндегі Көкеш бақсының пасық пиғылынан Шыңғыс ханның бүкіл болмысы биікте тұр. Оны қағанның сөзі мен ісі айғақтай түседі:

«Шыңғыс хан: Тоқтағындар! (ұрыс-керіс сап тыылып, бәрі Шыңғысқа тағзым етеді): Көкеш, өткенді ұмыттың деп ант ішкенің қайда? Баяғы харам пиғылыңнан әлі арылмаған екенсің! Әйел затының асылы Бөртеге тіл тигізіп, ар-намысын қорлағаның үшін өлім жазасына кесілесің!

Көкеш бақсы: Қаған, мені жазықсыз жазғырмаңыз! Естіген құлақта не жазық бар?

Шыңғыс хан: Саған мұны біреу әдейі айтқызып отыр ғой! Жаның барында сол айдап салушыңның атын ата.

Көкеш бақсы: Желдей ескен жел сөздің кімнің аузынан шыққанын мен қайдан білейін?!

Шыңғыс хан: Көкеш, жазылмайтын дертке душар болған екенсің, мен сені құтқарайын.

Көкеш бақсы: (кенет бойын тіктеп, дауысы өзгеріп, қаһарланып кетеді): Ей, Темужин! Сен мені өлтіре алмайсың! Мен Көк Тәңірдің жердегі көлеңкесімін. Астындағы алтын тақ маған тиесілі. Мен сенен де биік, сенен де құдіреттімін. Мені өлтірсен, Көктің қаһарына ұшырайсың!

Шыңғыс хан: Солай ма? Онда Көк Тәңірдің кімді қолдайтынын көрейік. Отшығын баһадүр, мынаның жанын құрметпен Көкке ұшырып жіберіңдер!.. Қаңқу сөзді тірілтіп, Жошының жанын жараламақ болған арам ниетті Көкеш бақсыны осылай жазалаған Шыңғыстың мұрагерлеріне қарата айтқан сөзінің мәні тереңде: «Оғландарым!.. Ешкім де мәңгі өмір сүрмейді. Ажалдан құтылған жұмыр басты пенде жоқ. Заңғар таулардан астым, терең теңіздер кештім, таралғы созылғанша, үзегі қажалғанша тыным таппадым, қаншама халықты ғұзырыма қараттым, бір ұлысқа ұйыстырдым. Ұлдарым, енді сендердің кезектерің. Мына байтақ даладан әрқайсыңа енші бөліп бермекпін! Талай жұртты аларсыңдар, тәнін емес, жанын өздеріңе қаратыңдар».

Әкенің бұл өсиетін орындай алар Жошы-дүр. «Әділдік пен адамдықтың жолынан тайып кетсем, Көк Тәңірі жазамды берсін, қаған-әке!» дейді ол.

Қатыгездігімен дүниені қанға бояған әмірші әкенің сөзіне қарайық:

«Шыңғыс хан: О, Тәңірім, ұлдарыма, қыр көдеде су, асуларда жол көрсет! Асыл таста қабық жоқ, тірі жанда өлмес жоқ. Алған жолдан қайтпандар, қайғырып мұңға батпандар! Игілікті іс атқарған адамның қадамы нық, Батырмын деп бас-көз жоқ жалғыз жарым шаппандар, көппен бірге болыңдар! Адал боп өтсеңдер өмірден – адамдықтың жөні сол!».

Бұл – қойылымдағы Шыңғыстың болмысын жаңа қырынан танытатын лебіз. Автор мен режиссер шешімі жалпыадамзаттық гуманистік идеяны осылай танытады. Қылышынан қан тамған әмірші де түптің түбінде өзін жүрегінде адамдықтың ұшқыны бар жан ретінде мойындайды.

«Жошы хан» – қазіргі қазақ сахнасының құнды, тарихи, гуманистік мәні терең қойылымы. Ер тағдыры мен ел тағдырын бір тінде астастырған туындының қазақ драматургиясынан алар орны ерекше демекпіз. Ендеше, қандай мақтау-марапатқа болсын әбден лайық.

Жанат ӘСКЕРБЕКҚЫЗЫ, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

СУРЕТСӨЗ

СӘКЕН СЕРІ

(БӨРІКТІНІҢ КӨРІКТІСІ)

Ілгеріректе көрнекті ақын Сәкен Сейфуллиннің болмыс-бітімі үнемі серілік ұғымымен байланыстырылатын. «Сәнін берсін Сәкеннің» деп ертелі-кеш жарыса жырлап жүрер ек. Анығында да, керемет көркем кісі болған деседі. Қажым Жұмалиевтің «Жайсаң жаңдар» деген кітабында ол үй-лесімнің үлгісі, серіліктің символы ретінде кейіптеледі. Сөйтіп, Сәкен сері деген атаулы түсінік әдебиетіміздің алғы шебіндегі әдепкі Сәкеннің тұсында қалыптасты.

Кейінірек қазақ жұрты тағы бір сері Сәкенді танып-білді. Ол – аса талантты жазушы Сәкен Жүнісов. Сәкен дегеніміз – «Өшпейтін іздер» мен «Сонарда», «Жаралы гүлдер» мен «Жапандағы жалғыз үй», «Тұтқындар» мен «Қызым, саған айтам», «Кроссворд» пен «Сәукеле», «Ақан сері» мен «Сабалақ Абылай», «Аманай мен Заманай»...

Бұл шығармалар қолдан-қолға түспей оқылды. Механизаторлар қос ішінде, балықшылар қайық үстінде жастанып жатып парақтап, оның кітаптарын әбден ақ-

заманғы нағыз серінің өзі еді. Сурет салады, ән айтады, музыкалық аспаптардың қай-қайсысының да құлағында ойнайды. Балуандыққа да бір адамдай таласы бар. Сөзге өте шешен. Бөріктің ішіндегі көріктінің бірі болды. Мәрт мінезді, құмбыл қимылды, не істесе де кесек тұрайтын адам-тұғын. Қысқасы, осы тақырыпты жеріне жеткізе зерттеген фольклоршы ғалым досымыз Шамшәдин Керімнің теориялық тұжырымдамасына сүйенсек, Сәкен ағамыздың бойында сал-серіліктің барлық элементтері бар-ды. Абырой-бедеден де кеңде болған



жем қылды. Бала біткен әке-шешесінен тығылып, май шамның жарығымен тезірек сүзіп шығамын деп, көз майын тауысты. Ауыл адамдары ерекше қабілетті қаламгердің жаңа жинақтарын таласып-тармасып қарап қалу үшін шағын кітапханаға ұзын-сонар кезекке тұрды. Біз жастау кезімізде соны көрдік. Бұл жағынан, Сәкен Жүнісов – өте бақытты жазушы.

Ал енді Сәкен сері деген атақты оған қазақ зиялылары берген сыңайлы. Әрине, ұлтымыз бен жұртымызда одан да серілеу һәм перілеу қаламгерлер болды. Бірақ оған бұл атау құйып қойғандай, өлшеп тіккен оқалы бешпенттей жарасып, өн бойына, болмыс-бітіміне бірден таңбаланды да қалды. Шынында да, ол осы

жоқ. Мемлекеттік сыйлықты иеленді, Қазақстанның халық жазушысы атанды. Өмірінің өнегесі де жетіп артылатын. Жарынан айрылған жылдарда перзенттерін бөтенге телміртпеді. Төмен етектілерге қайырыла қоймады. Бас құрамады. Жалған дүниеден өткенше жалғыз жорғты.

Жалпы, Сәкен сері – ұлт руханиятындағы қайталанбас тұлға. Оның ардақты есімін ұмытпағанымыз жөн. Туған күні де, дүниеден көшкен күні де емес бүгін. Жай тек... Фотошебер Шүкір Шахай кешкі салқынмен архивін ақтарып отырып, баяғыда түсірген мына бір суретін тауып алыпты. Содан біз де егтеп қозғалыңқырап кеткен шығармыз...

Бауыржан ОМАРҰЛЫ



ОТБАСЫЛЫҚ МЕРЕКЕ

Астанадағы «Жетісу» саябағында «Отбасы Time» жазғы отбасылық фестивалі аясында «Шығармашылық мерекесі» атты кезекті іс-шара өтті.

Бұл мерекелік бағдарлама өз кезегінде елорда тұрғындары мен қонақтарына көтеріңкі көңіл күй сыйлап, балалар мен ата-аналардың бірге уақыт өткізуіне мүмкіндік берді. Іс-шара барысында балалар үшін аниматорлардың қатысуымен қызықты ойын бағдарламасы ұйымдастырылды. Одан кейін вокалдық және би бағдарламасы ұсынылып, кішкентай көрермендер өнерпаздардың өнерін тамашалап, көңіл көтерді. Сонымен қатар саябақ аумағында түрлі интерактивті алаңдар жұмыс істеді. Балалар

шығармашылық шеберлік сабақтарына қатысып, өз қолдарымен түрлі бұйымдар жасап көрді. Ал бьюти-барда қыздарға шаш өру және мерекелік образ жасау мүмкіндігі ұсынылды. Осылайша жиналғандар арнайы фотобудкада естелік суреттерге түсіп, мерекелік сәттерді есте қалдырды. Бұдан бөлек, іс-шараның қорытынды бөлімінде музыкалық бэнд сахнаға шығып, қонақтарға жанды музыка тарту етті. Жазғы кештің әсем әуені саябақтағы мерекелік көңіл күйді одан әрі жандандыра түсті.

«Балаларымыз бүгін өте көңілді уақыт өткізді. Әсіресе аниматорлардың ойындары мен шығармашылық шеберлік сабақтары ұнады. Өзіміз де отбасымызбен бірге уақыт өткізіп, музыка тыңдап, естелік суреттерге түстік. Осындай шаралардың саябақтарда жиі ұйымдастырылғаны қуантады. Балаларға да, ата-аналарға да жақсы көңіл күй сыйлайды» – дейді қала тұрғыны Элмира Қайназарова. Айта кетейік, «Отбасы Time» фестивалі отбасылық демалыс мәдениетін дамытуға, отбасылық құндылықтарды нығайтуға және балалар мен ата-аналардың бірге уақыт өткізуіне қолайлы орта қалыптастыруға бағытталған.



ЖЕТІ МЫҢ АДАМ ЖҮГІРДІ

Астанада донорлық пен трансплантация мәселесіне қоғам назарын аударуға бағытталған дәстүрлі Jüregimniñ Jeniprazu жүгіру – фестивалі өтті.

Биылғы шараға 7 мыңға жуық адам қатысты. Қатысушылар ЕХРО аумағынан бастап, Түркістан және Ақмешіт көшелері арқылы Abu Dhabi Plaza бағытына дейін жүгіріп, бастапқы нүктеге қайта оралды. Фестиваль аясында 10, 3 және 1 шақырым қашықтықтарға жарыстар ұйымдастырылды. Jüregimniñ Jeniprazu 2018 жылдан бері өткізіліп келеді. Жоба трансплантацияны күтіп жүрген пациенттерді қолдауға, донорлық туралы ақпараттандыруды арттыруға және салауатты өмір салтын насихаттауға бағыт-

талған. Фестивальге қатысушылар саны да жыл сайын артып келеді. Мәселен, 2024 жылы шараға 4 200-ден астам адам қатысса, 2025 жылы олардың саны шамамен 5 мыңға жеткен. Heart Center Foundation қоғамдық қорының директоры Мұрат Зауыровтың айтуынша, Jüregimniñ Jeniprazu атты жүгіру-фестивалі қоғам үшін өте қажет. Трансплантация оң динамика байқалады. Мысалы, 2022 жылы елімізде тек 2-3 ота жасалса, 2025 жылы жүрек ауыстыру бойынша 18 ота өтті. Әзірше транспланта-

ция мәселесіне қатысты тек Jüregimniñ Jeniprazu жүгіру шарасы ұйымдастырылады. Қоғамда бұдан әрі ақпараттандыруды арттыру үшін өзге қалаларда да осындай фестиваль өткізілуі тиіс. 2026 жылдың бірінші жартыжылдығында елімізде ағза трансплантациясы бойынша 150 операция жасалды. Оның ішінде 108 бүйрек трансплантациясы, 31 бауыр трансплантациясы, 5 жүрек трансплантациясы, 2 өкпе трансплантациясы орындалды. Фестиваль аясында тұрғындарға трансплантация бойынша ақпараттар кеңінен түсіндіріліп, Орынхан, Мархаба Сәби, сондай-ақ Бүркіт пен Аиша сынды танымал әншілер шараның көркін қыздырды. Қанат БАЙҰЗАҚОВ

ЖАСТАРДЫ ҚЫЗЫҚТЫРҒАН АВТОШОУ

Астанада «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттап, есірткі қылмысының алдын алуға бағытталған автотоспорт бойынша ауқымды автошоу өтті. Шоу барысында автокөлік спортына қызығатын жастар бас қосып, дрифт көрсетілімдерін тамашалады.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қайыпсіз Қазақстан үшін!

Ұйымдастырушылардың айтуынша, мұндай формат жастардың қызығушылығын пайдалы бағытқа бұрып, есірткінің зияны туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді. Іс-шараны ҚР ИМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитеті, Астана қаласының әкімдігі және қоғамдық ұйымдар бірлесіп ұйымдастырды. Автотоспортқа арналған шоуға қала тұрғындары мен қонақтары, жастар және автокөлік спортына қызығушылық танытатын азаматтар қатысты.

Іс-шараның негізгі бағытының бірі – жастар арасында есірткі қылмысының алдын алу. Ұйымдастырушылар жастардың спортқа, оның ішінде автотоспортқа деген қызығушылығын пайдалана отырып, оларды салауатты өмір салтына тартудың маңызын атап өтті. ҚР ИМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл комитетінің басқарма бастығы, полиция полковнигі Бақытжан Әмірхановтың айтуынша, бүгінгі таңда жастардың есірткі



қылмысына тартылуы өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Автотоспорттың ішінде дрифттің де жастар арасында өзіндік көрермені бар. Сондықтан мамандар мұндай іс-шараларды тек спорттық көрсетілім ретінде емес, жастарға қажетті ақпаратты жеткізудің қосымша алаңы ретінде қарастырады. «Дрифт – спорттың бір түрі, автотошоу. Жастардың мұндай шараларға қызығушылығы жоғары. Әртүрлі спорттық шаралардың әрқайсысының

өз көрермендері бар. Біз жастарды салауатты өмір салтын сақтауға, спортпен айналысуға және басқа да қызықты әрі пайдалы шараларға баулу арқылы есірткіге қарсы түсіндіру және насихат жұмыстарын жүргіземіз. Бұл ретте жастармен және олардың ата-аналарымен тікелей сөйлесуге де мән береміз» – деді Бақытжан Әмірханов.

Оның айтуынша, жастар арасында есірткінің синтетикалық түрлерін тұтыну мәселесі де алаңдатады. Осыған байланысты алдын алу жұмыстары тек құқық қорғау органдарының міндеті емес, ата-ана, қоғам және жастардың өзара бірлескен әрекетін талап етеді. Іс-шара барысында жастарға есірткі қылмысына тартылудың құқықтық салдары, «оңай табыс» табуды айтатын күмәнді ұсыныстардан сақ болу және есірткі заттарын сақтау, тасымалдау мен өткізу үшін қарастырылған жауапкершілік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізілді.



САЯБАҚТАҒЫ SPORT FEST

«Астана – есірткісіз қала» қалалық профилактикалық акциясы аясында елорданың Триатлон саябағында Sport Fest спорт фестивалі өтті.

Алматы ауданының әкімдігі Winox компаниясымен бірлесіп ұйымдастырған фестиваль қатысушылар үшін топтық жаттығулар, спорттық эстафеталар, қол күресінен жарыстар, балаларға арналған ерекше іс-шаралар және баскетболдан шеберлік сағаты ұйымдастырылды. Бағдарламаның басты шараларының бірі велошеру болды.

Іс-шара салауатты өмір салтын насихаттауға және отбасылық құндылықтарды нығайтуға бағытталған. Басты мақсат – қала тұрғындарының басын қосып, балаларды, ата-аналарды және аға буын өкілдерін белсенді демалысқа, спортқа және бірге уақыт өткізуге тарту.



Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС
Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды. Тираж – 5 100. Апталық таралымы – 15 300
Тапсырыс № 94
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-йй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК
Va-reklama@mail.ru
aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Асантемір ҚАРШЫҒАҰЛЫ